

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Сәндік өнер» кафедрасының PhD докторанты Досжанов Бауыржан Таттибековичтің «БД041700 – Сәндік өнер» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ монументалды-сәндік гобелен өнері: дәстүрлі және инновациялық даму модельдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
сыртқы оппоненттің

П И К И Р І

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Шығармашылық - әр адамның мақсатқа жету жолындағы талаптары мен талпыныстары, жігері мен сабыры, сұранысы мен ізденісі. Б.Досжановтың зерттеуі, Қазақстанның өнертану ғылымының дамуында, менің көзқарасым бойынша гобелен өнерінің шығармашылық тарихындағы тұлғаларға ерекше ден қойғанымен ерек зерттеу деп танымын. Ізденуші зерттеу барысында жеке тұлғалардың шығармашылық әрекеттеріне, өнертанулық еңбектерге тиянақты талдау жасаған. Автордың қарастырылып отырған мәселенің әдіснамалық және теориялық тұғырлары болып табылатын тұжырымдардың негізінде мәнділігін дәлелдеген.

2. Диссертацияға қойылатын («Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 9-10 тармағында және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Ізденуші зерттеу барысында мәселеге қатысты теориялық еңбектерді терең және тыңғылықты талдағаны байқалады. Осыған сәйкес автор зерттеу алдына қойған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында ғылыми жетістіктер деп тануға болатын маңызды бірнеше нәтиже алуға қол жеткізген.

Бірінші ғылыми нәтиже: автор монументалды-сәндік гобелен өнерін еңбектерге тиянақты талдау жасаған.

Екінші ғылыми нәтиже: ізденуші гобелен өнерін зертеуде кезеңдерін, мазмұны мен негізгі бағыттарын саралаған.

Үшінші ғылыми нәтиже: Ізденуші социалистік реализмдегі монументалды гобеленнің кеңестік бейнелеу өнері кезеңіндегі даму ерекшеліктеріне сараптама жасап, жұмысындағы тың әдістер ретінде қарастырған.

Төртінші ғылыми нәтиже: ізденуші қазіргі кезеңдегі қазақ заманауи гобелен өнерінің мәдени құндылықтары әсері жан-жақты қарастырылып, теориялық тұрғыда бағаланған.

Бесінші ғылыми нәтиже: ізденуші Қазақстан монументалды-сәндік гобелен өнері жаңаша даму табиғатын өзінше, жаңаша көрсеткен.

Алтыншы ғылыми нәтиже: диссертациялық жұмыста Заманауи интерьердегі қазақ монументалды-сәндік гобелен өнерінің

трансформациялануы, жаңа формалық ізденістерін жан-жақты әрі нақты көрсете білген..

3. Диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері, автор жасаған тұжырымдар мен қорытындылар қазіргі ғылыми теорияларға, олардың әдіснамаларына және әлемдік өнертану ғылымының жетістіктеріне негізделген. Сондықтан олардың шынайылық дәрежесін жоғары деп бағалауға толық болады.

1-ші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі жоғары. Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында гобелен өнерінің пайда болуындағы көзқарас бастауларын анықтау мақсатында автор шет елдік ғалымдар ғалымдардың еңбектерін тиянақты түрде зерттеп, ұтымды пайдалану арқылы осындай нәтижеге жеткен.

2-ші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі жоғары. Ол шынайылық шет елдік өнертанушылардың пікірлері мен қорытындыларын ұтымды пайдалану арқылы шынайы тұжырымдар жасаған.

3-ші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі жоғары. Ол шынайылық диссертациялық жұмыстың советтік ғылымының өнертанушылары қатысты жазған еңбектеріне сүйене отырып соны тұжырымдар жасау арқылы осындай нәтижеге жеткен.

4-ші ғылыми нәтиженің шынайылығы жоғары. Автор ол нәтижеге Маргарет Майер және Памела Шмидт, сияқты т.б ғалымдардың еңбектерін терең зерттеп, олардың жемісті ойларын шығармашылық тұрғыда қорытып жаңа тұжырымдар жасау арқылы келген. ойларын қорытып, жаңаша сипаттағы шынайы тұжырымдар жасаған.

5-ші ғылыми нәтиженің шынайылығы жоғары. Ізденуші қазақ өнертануын зерттеуге үлес қосқан белгілі ғалымдардың өнертану саласына қатысты жазған еңбектеріне сүйене отырып соны тұжырымдар жасау арқылы осындай нәтижеге жеткен.

6-шы ғылыми нәтиженің шынайылығы жоғары. Автор мұндай нәтижеге жету үшін отандық өнертанушылардың еңбектеріне сүйенген.

4. Диссертацияның тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

1-ші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі бұған дейін Қазақ монументалды-сәндік гобелен өнерінің дәстүрлер мен инновациялық даму модельдерін талдау мақсаты диссертациялық жұмыста осы мәселелер жан-жақты, әрі тиянақты түрде зерттелген. Және де өмірлік, практикалық мәселелермен байланыста зерттелген.

2-ші ғылыми нәтиже жаңа. Алайда автор біраз еңбектер жазған. Ізденуші осы еңбектерді шығармашылық тұрғыда пайдалана отырып, сөз болып отырған мәселелерді жаңаша, өзінше қарастырған.

3-ші ғылыми нәтиже шартты түрде жаңа. Гобелен өнерінің өткенін қайта таразылауын, бұл жаңалықты шартты деп атауға болады.

5-ші ғылыми нәтиже жаңа. Гобеленнің эпикалық және метафизикалық заңдылықтары ізденушінің осы мәселелерді арнайы талдауы, біздіңше, тек отандық өнертануға қосқан үлесі болып табылады.

6-шы ғылыми нәтиже жаңа. Қазақстан монументалды-сәндік гобелен өнері дамуының негізгі кезеңдері мен тенденцияларының ерекшеліктерін талдауы диссертациялық зерттеудің құндылығы мен жаңалығы болып табылады. Ізденуші осы еңбектерді шығармашылық тұрғыда пайдалана отырып, сөз болып отырған мәселелерді жаңаша, өзінше қарастырған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігіне баға

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар дәйектемелерінің теориялық тұрғыда негізделуімен, зерттеудің мақсатына, міндетіне сай жалпы ғылыми және нақтылы әдістердің ішкі бірлігімен, өнертанулық тәжірибеден алынған нәтижелердің дәлелденгендігімен сипатталады. Алынған нәтижелердің тұтас әрі жүйелі баяндалуы, жұмыстың әрбір тарауының, тармақшалардың бір-бірімен байланысы зерттеу жұмысының ішкі бірлігін құрайды.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы мақсаттарды шешуге бағытталғандығы

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, әдістемелік ұсынылымдар суретшілерге, оқытушыларға, өнертанушыларға, көмегін тигізеді деп есептейміз.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, тұжырымдарының, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындылары автордың 13 жұмысында жеткілікті әрі толық жария етілген. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласының бақылау жөніндегі комитеті ұсынған үш ғылыми басылымда, Scopus компаниясының мәліметтер базасына кіретін халықаралық екі ғылыми басылымда, бір шетелдік ғылыми журналда, халықаралық конференциялар мен симпозиумдардың төрт материалдарында, соның ішінде, шетелдік конференциялардың үш материалдарында, жоғары білім беру орындарының конференциялық материалдарында жарияланған

8. Авторефераттың диссертация мазмұнына сәйкестігі. Диссертация авторефератында ғылыми жұмыстың негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындылары диссертацияның мазмұнына сәйкес ықшам әрі нақты көрсетілген. орындалған зерттеу жұмысының авторефераты диссертацияның мазмұнына толық сәйкес келеді.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер


Жалпы алғанда диссертациялық жұмыс сапалы және тұтас ғылыми еңбек.

10. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» 2-і бөлімінің талаптарына сәйкестігі

Б.Т. Досжановтың «Қазақ монументалды-сәндік гобелен өнері: дәстүрлі және инновациялық даму модельдері» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, дер уақытында жазылған, ғылыми

жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестациялау Комитетінің Ғылыми дәрежелер беру туралы Ережелерінің талаптарына сәйкес деп есептеп, оның авторын «6D041700 – Сәндік өнер» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ресми пікір білдіруші,
Әл Фараби ат ҚҰУ
Журналистика факультеті,
«Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер»
кафедрасының профессоры,
философия ғыл., кан.



Ж.Т. Беристенов

